




2-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Әлемдік музыка зерттеушілері





Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Әлемдік музыка зерттеушілері

Август Вильгельм Амброс

Ұсынылып отырған дәрістің мақсаты танымал ғалымдардың еңбектеріндегі Батыс пен шығыс музыкасының айырмашылықтары мен өзара әсерін баяндау болмақ. Осы дәріс арқылы екі ғылыми мектептің әдістемесіндегі айырмашылықтарды байқау қиын емес.

Август Вильгельм Амброс

«Музыка» терминінің тарихына қатысты проблемамен бетпе-бет келген алғашқы авторлардың бірі Август Вильгельм Амброс болды, оның «Тешихте музик» атты еңбегі музыкатанудың маңызды кезеңі ретінде қарастырылады. Бес томдық шығармаларының біріншісі 1862 жылы жарық көрді. Ол толығымен көне Таяу Шығыс және Грекия мен Италияның классикалық музыка мәдениеттеріне арналған. Аталған мәдениеттердің музыкалық шығармаларының талқылануы жанама теориялық дереккөздерге, сондай-ақ хатталмаған аздаған транскрипттерден алынған сілтемелерге негізделді. Зерттеуші музыка әлемінің мәдениет орталықтарын құрайтын – Қытай, Оңтүстік Азия және араб әлемінен таралуы нәтижесінде туындаған, деген тұжырым жасап, және оған қоса батыс музыкасын ежелгі грек-мысыр мәдениетінің жалғасы деп болжайды. «Музыкалық дыбыстау» қабілеті, заманауи терминмен анықтасақ, бірнеше жағдайлардың арқасында туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларға мысал ретінде ол дау-дамай, бала тәрбиесі, қуаныш пен қайғы-қасіретті білдіру, осы себептер жиынтығы туындылардың әр алуан пайда болу концепциясын дәлелдейді. Амброс Батыстық емес музыкалық шығармалар жалпы әлем мәдениеттері хронологиясының бір бөлігі ретінде қарастыруды ұсынады, өйткені: 1) батыстық емес мәдениеттер музыкасын ең көне, бәлкім, бұрынғы батыс мәдениетінің түп тамыры, деп танылуы керек, әйтсе де 2) олардың дамуы белгілі бір кезеңде құлдырап, батыстық музыкада жалғасын тапты. Амброс музыканың шығу тегін географиялық және хронологиялық негізде зерттеуге тырысқан.

Карл Энгель

Негізінен Англияда өмір сүрген Энгель өз мансабында органология мен фортепианолық музыка салаларына қызықты, алайда оның «ұлттық музыкамен» жұмысы басқалардан ерекшеленді. Осы мәселе бойынша өзінің негізгі кітабында ол ұлттық музыка «кез келген басқа ұлттың немесе тайпаның музыкасынан ажырата алатын жеке эмоциялар мен құмарлықтары бар ұлтқа немесе тайпаға байланысты» деп анықтайды. Ғалым Volksmusik ұғымының ауқымын талдау кезінде фольклор туындылары орындаушысының жас ерекшелігі, стилі және репертуары, оның белгілі бір әлеуметтік таптармен байланысы, оның ауылдық жерлеріде таралуы және түпнұсқалық мәселелерін қарастырмады, себебі бұл мәселелер ғылымда кейін туындаған. Көп жағдайда ол XX ғасырда халықтық деп алуан түрлі – халық әндері, әнұрандары, патриоттық әндер, кейбір еуропалық және негізінен еуропадан тыс танымал музыка үлгілерін талдаған.

Энгельдің ұлттық музыканы зерделеудегі ұстанымы бүгінгі күні этнографиялық немесе тарихи зерттеулердің құжаты ретінде қолданылмасы анық. Негізінен жарияланған дереккөздерге түсініктеме бере, Энгель Еуропадағы (негізінен Англия, Германия және Орталық Еуропа) мәдениеттерге басымдық беріп, әртүрлі мәдениеттер музыкасын қамтуға тырысады, Африка, Америка, Иран, Үндістан, Орталық Азия және Қытайдан мысалдар келтіріп, түсініктеме жасайды. Энгельдің басты мақсаты – әрбір мәдениеттің өзінің айрықша музыкасы бар екенін көрсету болды. Сондай-ақ, ол әлемдік музыканың ортақ сипаттары барын айғақтайды. Ол ұлттар мен тіпті құрлықтардың орындаушылық дәстүріндегі түрлердің әлеуметтік қызметінде және әуендерде елеулі ортақ қасиеттері барына назар аударады. Энгельді келешектің бірегей ғалымы ретінде көрсететін бір жәйт, оның музыкалық шығармаларды салыстыру жолдарын табуға талпынысы. Осы қасиеті жағынан, бәлкім, бұл әлемдік музыка туралы алғашқы кітап. Энгельдің замандасы Вильгельм Тюппеттің Wandering Melodies (кезбе әуен) жұмысын да айта кетсек, оның авторы әлемді музыкалық шығармалар тобы ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемде (кем дегенде бүкіл Еуропада) тараған әуендер тобы өз бірегейлігі мен тұтастығын сақтап, әр жерде жергілікті музыканың маңызды сипаттамаларын иемденетіндігін алға тартқан.

Гуидо Адлер

Егер музыкатанушылар өз ғылымының негізін қалаушысы туралы әңгімелесе, онда осы салаға ерекше



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Әлемдік музыка зерттеушілері

ықпал еткен мақала авторы (Adler 1885) және бірінші табысты музыкалық журналдың бас редакторы Гуидо Адлер жайлы сөз болмақ. Әлемнің музыкасын зерттейтін фольклористикаға тиесілі саласы әдетте Адлердің сипаттамасында көрінеді, бірақ ол ғылымды «Музыкатуану – этнографиялық мақсаттарда зерттеу және салыстыру» деп атайды. Әлемнің музыкасы Батыстың көркемдік музыкасымен ойбағамдық әдіспен танысу үшін ғана емес. The Musicological Quarterly (1885-95) журналының алғашқы екі томы музыканттарға қол жетімді болатын бүкіл әлемді немесе кем дегенде оның бір бөлігін зерттеуге арналған. Осылайша, 1800 жылға дейін еуропалық музыкаға арналған материалдардан басқа журнал ежелгі үнді, американың байырғы тұрғындары индеецтер, ортағасырлық араб музыкасы, сондай-ақ музыканың психологиясы мен шығу тегі жайлы мақалалардан құралды. Журналда Александр Эллистің 1885 жылы жарияланған жаңашыл мақаласына шолу мен халық музыкасы туралы мақалалары бар. Бұл журнал еуропалық канонға негізделгеніне қарамастан, әлемдегі озық көзқарасты басылымның алғашқысы. Жалғыз осал жері – соңғы кезде шығарылған музыкалық туындылардың (мысалы, 1860-шы жылдары жиналған халық әндері, я болмаса азиаттық фольклордың заманауи шығармаларда көрінуі, және таңқаларлығы, осында онымен қоса Моцарт, Бетховен және XIX-шы ғасырдағы операның) бірге талқылануы.

Қырық жылдық зерттеулерден кейін, жетпіс жасында Adler әлемге деген кең көзқарасынан арылады. Бұл бүкіл әлем музыка тарихын Батыс музыкасының тарихы ретінде түсіндірген 1924 жылы Handbuch der Musikgeschichte атты ықпалды жинақты редакциялаған соң болды. Осы жинақтың екінші басылымда Роберт Лахтың «Die Musik der aufiereuropaischen Natur» (еуропалық емес табиғи және шығыс халықтарының музыкасы) (1930) атты қысқа тарауы, әлемдегі музыка тарихын барынша күрделі көлемді тізбек ретінде қарастарса да, азиялық жоғары дәреже дамыған мәдениеттер еленбеді. Адлердің айтуынша, 1880 жылдан 1924 жылға, қазіргі заманның дәуіріне дейін тіпті Еуропадағы жеке халықтарға орын берілмеген музыканың тарихы бар. Кітапта халық музыкасы жайы қысқаша ескертулермен шектеліп, халық әні көркем музыка концепциясының қайнар көзі ретінде ұлттық деңгейде мойындалмаған. Осы Adler жинағындағы (немесе тұжырымдамасындағы) көзқарас 1885 жылғы серпілістен кейін жетпіс жыл жарияланған музыка тарихы туралы көптеген үлкен зерттеулерге әсер етті.

Суриндро Мохун Тагор

Карл Энгельдің ықпалында болса да, еуропалық ғылыми каноннан тыс жұмыс істеген бенгалиялық музыкатуанушы Суриндро Мохун Тагор музыка әлемін әр қайсысының өз тарихы бар музыкалық шығармалар тобы ретінде қарастыратын тұңғыш танымал еңбек. Калькуттада 1896 жылы жарық көрген Тагордың кітабындағы әлемдік музыка тарихы әр түрлі құрлықтар мәдениетін түсіндіруде теңдік әдісін ұстанған. Бұл Тагордың соңғы басылымдарының бірі, автор сондай-ақ, Британ империясының ажырамас бөлігі ретінде Үндістанның мемлекеттік әнұранын шығаруға қатысқанын да жасырмайды. Бенгалиядағы музыкалық өмірді дамытуға бағытталған көптеген жобаларға белсене қатысқан Тагор көптеген әлем халықтарының әрқайсысын зерттеп, әлемдік музыка тарихын жазды, сондай-ақ ол музыканың ұлттық шекараны қаламайтынын үнемі басып айтқан. Осылайша, ол «барлық елдерде қарапайым адам дауыс тоны бірдей», деп көрсетуден бастаса да, «маврлар Испания музыкасына елеулі әсер етті» немесе «белгілі “Dessauer неміс” маршы тегі итальяндық», екенін қадап айтты.

Тагордың қолданған үзік және (Оңтүстік Азия мысалдарын қоспағанда) түп нұсқа дереккөздеріне негізделмеген әмбебап тарихы – болшақта әрбір ұлттық музыкасы туралы айтуға тырысқан Плайли әдісіне әсер етті. «The Savage Nations» (Солтүстік және Оңтүстік Америка және Солтүстік Азияның тайпалық қоғамдары) кітабынан бастап, Плайли Азия мәдениетіне жүзге жуық бет арнаса (олардың қырық шақтысы Үндістан жайлы), ал Қытай, Жапонияның, Сиам, Корея, Тибет, Парсы және т.б.) тараулары бірнеше бет қана құрайды. Шамамен 45 беті Африкаға, 115-і Еуропаға, 35-і Америкаға және 25-і Океания жайлы жазылды. Әр елдің бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген музыкалық аспаптары және ежелгі дәстүрлері туралы, сондай-ақ тарихы баяндалады. Ұлттық әнұран мәселесі жиі, сондай-ақ шетелдік музыкалық туындылардың пайдаланылуы (мысалы, итальяндық музыканың Германияда орындалуы) сөз болады. Кітаптың Германияға қатысты тарауында операның қысқаша сипаттамасы бар, ал Тагор В. Моцарт жайлы аздаған пікір білдіреді (және алты негізгі шығармаларының тізімін келдіреді). Сонымен бірге Тагор Луи Спор мен Горовец сияқты тұлғаларды атайды. Мәселе мәнісі сол, кітапта Исландия, Борнео, Тироль және Дагоми сияқты түсініксіз аймақтарға арналған тараулардың кездесуінде. Сөз жоқ, Тагор өз ақпаратын үстірт екендігін білуінде, бірақ ол барлық ұлттардың өздерінің музыкасы бар екендігін, әрқайсысына тиісті көңіл аударуға лайық екенін және музыкалық әлемнің осы жеке, өзара байланысты музыкалық әлемдерден



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Әлемдік музыка зерттеушілері

тұратындығын көрсету маңызды деп санады. Тагор көзқарасы ғылымда тек бірнеше ондаған жылдан соң ғана, ол 1914 жылы қайтыс болғаннан кейін орын алды.

Үндістандық С. М. Тагордың әлем тарихының ізбасары араға жүз жыл салып Свами Праджаннананда (1973) «Халықтар музыкасы» кітабында «Әлемнің өркениетті халықтарының музыкалық жүйелері» атты салыстырмалы зерттеуін ұсынған. Бұл кітабында Үндістан, Мысыр, Грекия және Рим, араб, Парсы, Қытай, Жапон, Тай, бирмалық және корейлік музыка, сондай-ақ орыс және батыс еуропалық музыкасы бойынша тараулары бар. Бірақ бұл кітап та тиісті беделге ие бола алмады. Дегенмен, бұл батыстық емес заманауи ғалымның әлемдік музыка туралы жазуға әрекеті ретінде бағаланды. Батыс әріптестерімен қатар, ол музыка тарихын үнділік көзқараспен жазған. Мысалы, ең ұзақ тарау үнді музыкасы жайлы болса, үнді музыкасының қалған әлемге ықпалы кітаптың дербес тарауын құрайды. Осы әрекеті Свами Праджаннананда былайша түсіндерді:

«Егер сендер, еуропалықтар, менің кітабымда әлем музыкасы үндіорталықтандырылған көзқараспен жазылған десеңіздер онда, бұл біздің (және сіздерге де тән) сіздерге көрсеткен әдеткі көзқарасымыз».

Хьюго Риман

Музыколог және теоретик Хьюго Риман ұзақ кәсіпті ғұмырында көптеген музыкалық тақырыптарды қозғады. Оның негізгі жұмысы бес томдық «Handbuch der Musikgeschichte» кітабы Тагор еңбектерімен бір уақытта жарияланған. Музыкаға арналған кең ауқымды еуропалық әдебиетті үздік білген білімпаз Риман кітабының I томын ежелгі Грекияға арнап, грек және римдік әдебиеттердің толық сипаттамасын жасаса да, еңбегін бірнеше ескертулерден бастады. Жақында жарық көрген «Musikalische Ethnographie» (музыкалық этнографиясы) зерттемені мақтап отырып, Риман бұл тарих емес, музыка жайлы өз түсініктері, деп тұжырым жасайды. Одан соң қытайлық, мысырлық және үнді музыкасын Батыс музыка тарихының қайнар бастауы, өйткені бұл мәдениеттер ежелгі грек тілі мен мәдениетінің гүлденуі кезінде жақсы дамыған болатын. Алай да, Риманның пікірінше, олар батыстық музыканың бөлігі ретінде қарастырылмауы тиіс. Қытай музыкасы тым алыс, Мысыр музыкасы аспаптардың суреттерінен ғана белгілі, ал үнді музыкасы - ежелгі мәдениет жәгірелгері мен Оңтүстік Азиядағы ислам кезеңіндегі әсерлер қоспасы. Осылайша, осы және басқа да Батыстық емес мәдениеттер тарихы шолақ қайырылады. Тарихты музыкалық ғылымның басқа да пәндерінен бөлуге бағытталған күрделі әрекеттер, ғалым пікірінше, Батыс музыкасының бұрынғы өткен кезеңдері туралы және ерте кездегі өткенін баяндай алуымен қызықтыра алады, деп ескерткен.

XX ғасыр

Музыкология секілді әлем де Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін өзгерді. Шынында да, Орталық Еуропадағы неміс тілінде сөйлейтін елдердің жеңіліске ұшырауы неміс тілінде сөйлейтін музыкологтардың көзге көрінбес басымдылығымен қатар жүрді. Дүние жүзіндегі көптеген музыкант ғалымдар көбінесе өзінің ұлттық музыкасын зерттеуге талпынса, германиялық және австриялық ғалымдар басқаларға қарағанда бейұлттық кең көлемді музыкалық мәдениеттерді зерттеуге қатысты. Бәлкім ол неміс мемлекеті «ақындар мен ойшылдардың ұлты» деген атаққа қанағаттанбағандық шығар. Дегенмен, бұл музыкалық ұғым музыкатанудың пән ретінде, барлық жерде музыканың барлық түрлеріне қызығушылық танытқан, ондаған жылдар бойы Дүниежүзілік музыка концепциясын сипаттайтын немістің өз өнертабысы. Көп ұзамай 1900 жылдан кейін музыкатану тығырыққа тірелді, сондықтан тағы да негізгі ұғымдар мен анықтамаларға қайта оралайық.

Жаңа анықтамалар мен ұғымдар.

«Әлемдік музыка» термині Филип Болманның қысқа, бірақ ықпалды аттас кітабынан бастау алды. Болман әлем мәдениеттерінің музыкасы жеке мәдениетте дербес өмір сүрді деген жалпылама пікір ұстанды. Шын мәнінде, «әлемдік музыка» термині 1960 жылдарға дейін ағылшын тілінде кеңінен пайдаланылмаған. Айтуынша, Роберт Э. Браун оны Уэслиан университетінің оқу бағдарламасында фольклорлистиканы белгілейтін баламалы термин ретінде пайдалану үшін қолданды. Бұл термин кейінірек американдық академиялық тәжірибеде қолданылады. Терминнің қабылдануына деген ынта-жігер мен оның мән мағынасы XX ғасырдың басында Батыстың танымал музыкасының көп бөлігі мәдениетаралық негізге ие болғандығын елеусіз етеді. Әлемдік музыканың тұтас әлемдік музыка ретінде аңғалдық анықтамасы әртүрлі акценті бар тұжырымдамаға алып келеді.



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Әлемдік музыка зерттеушілері

Әлемдік музыка Халықаралық тарих аясында.

XX ғасырдың көпшілігінде музыканың тарихын жан-жақты ескере отырып, батыстық ғалымдар С.М. Тагордың жасауға тырысқан әрекеттерін жалғастырмады. Атап айтқанда - әлемнің барлық мәдениеттері мен халықтарының тарихын жазу. Негізінен, егер олар әлемнің музыкасын зерттесе, ол батыстық көркемдік музыканың тарихын түсіну үшін кең контексті қамтамасыз етті. XX ғасыр әдебиетінің алдыңғы қатарында бірнеше қомақты жинақтар, олардың кейбіреулері мәселені елеулі түрде қамтыды. 1930 жылғы он томдық «Музыкалогия бойынша нұсқаулық» атты Оксфордтық музыка тарихының бірінші басылымы сияқты жинақты жасақтаудың алғашқы маңызды әрекеті еуропалық музыканың тарихын жазған басымылдарды артқа тастады. Онда еуропалық музыкалық тарих кезеңдері туралы томдар т.б. алуан түрлі мәселелерге арналған (мысалы орындаушылық үрдіс) және бір жақты, шағын мәселелер (мысалы, лютеран шіркеуінің музыкасы) тақырыптарын да қозғайды. Бір томы төрт мәселеге арналды: Органология (ен ұзын бөлігі), еуропадан тыс, дәстүрлі мәдени халықтардың музыкасы, антик дәуіріндегі музыкаға қысқаша кіріспе және ескі славяндардың халықтық және шіркеу музыкасы, ол экзотикалы болып саналған Ресейден Болгария мен Сербияға дейінгі шығыс-еуропа мәдениеттерін сипаттады. Бұл көлем қалған тоғызға қосымша ретінде қарастырылады.

Роберт Лахманның батыстық емес музыка жайындағы бөліміндегі әлем музыкасы негізінен екі сатыдан немесе екі түрден құралады – «қарапайым», көне музыка және «мәдени, өркениетті азиялық» халықтардың музыкасы; олардың әрқайсысы стилистикалық және функционалдық ұқсастығы өнердің біркелкі қабатын құрайды. Бірінші даму сатысының мысалдары ретінде африкалық, меланезиялық және байырғы американдықтардың, ал екінші сатыға – қытайлық, явандық және үнді мәдениеттерін қарастыруға болады. Бірақ, ол үшін (оның 1929 жылғы /Шығыс Музыкасы/ кітабынан көргендей) әлем музыка (Еуропаны қоспағанда) шығармаларының арасындағы ұқсастық пен байланысын бұл елдер жөніндегі тұжырымдаманың ірге тасы болып табылатынын көрсетеді. Славян музыкасы жайындағы Питер Панованың бөлімі бүкіл жинақтың ішіндегі тек халық музыкасына арналған бөлім болып табылады. Танымал музыка бөлек жанр ретінде мүлде қарастырылмайды.

«Жаңа Оксфорд музыка тарихында» өзгеше тәсілдеме қолданылған. Бұл он томды жинақ алдында шыққан «Оксфорд музыка тарихынан» айтарлықтай ерекшеленеді. Ертерек шыққан жинақ ортағасырлық Еуропада полифониялық музыканы шығару жолын баяндайтын материалдармен басталғанын ескерткен жөн, осылайша ол шын мәнінде музыканың не екенін анықтайтын бірегей мәлімдеме.

Жаңа Оксфордтық «Ежелгі және шығыс музыкасы» томынан басталады, онда «қарапайым» музыка, сондай-ақ азияның жоғарғы мәдениеті, ежелгі Грекия, жәбрейіл және ислам дәстүрлері деп аталатын бөлімшелерден құралған. Бұл материалдардың авторлары сегіз арнайы маман болды. Эгон Веллестің кіріспе сөзі осы томмен басқа да томдардың арасындағы елеулі айырмашылыққа арналған. Мысалы, Византия музыкасының әйгілі зертеушісі, Арнольд Шенберттің шәкіртінің жазған осындай жолдары: «Шығыста музыка ... әлі күнге дейін өзінің рәсімін, тіпті сиқырлы мінезін сақтаған... Батыс музыканты үшін ықшамдылық, анық форма мен жеке қолтаңбаның болуы жоғары деңгей көрсеткіші болса, ...Шығыс музыканты берілген үлгіге сәйкес импровизация жасағанды жақсы көреді, ол қайталағанды қалайды, оның музыкасы дамымайды», деп көрсеткен.

«Жаңа Оксфорд музыка тарихының» редакторларында батыстық көркем музыканың «кейпін» айрықшалайтын тұжырымдар жасаудың орнына, батыстық емес музыкаға назар аудару арқылы қазіргі заманғы болып көрінуге талпыныс басым секілді. Дегенмен, бұл бөлімдердегі африка, американдық үнділердің және азияның музыкалық шығармалары соңғы дереккөздерден алынса да, аталған музыкалық мәдениеттері жиырмасыншы ғасырдың заманауи әлемнің бөлігі екендігін көрсетпейді.

«Жаңа Оксфордтан» көп ұзамай «Плеяда Энциклопедиясы» топтамасының аясында Ролан-Мануэль жариялаған «Музыка тарихы» шықты. 1960 жылы басылымға шыққан екі томның біріншісіне Мариус Шнайдердің батыстық емес қоғамдардағы мифтер мен салттардағы музыка туралы бөлімі кіргізілген. Константин Брайлоудың Африка, Бали, Қытай, Жапония, Үндістан және Вьетнам жайлы жазылған ойбағамдық тарихқа негізделген бөлімі екі жүз бет алады; және мысырлық, месопотамиялық, жәбрейіл және грекия музыкасына арналған бөлімдерден кейін, тағы Иран, араб әлемі және Түркия жайында айтылатын үш бөлім бар – барлығы 165 бет құрайды.

Бұл бөлімдерде музыкалық мәдениет жалпылай талқыланады, ежелгі және соңғы кезде туған, халық және кәсіби музыка қарастырылады. Көп жағдайда батыс музыка мәдениеті кірмей тұрып, ежелгі музыка бірге жалғасқандығы тұрғысынан баяндау басым. Бұл тарауларда – әлемнің әртүрлі заманға



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Әлемдік музыка зерттеушілері

дейін музыкалық шығармалары белгілі бір мағынада тең болды, бірақ, батыстық музыка дамыған уақытта батыстық емес мәдениеттер артта қалды. 80-ші жылдардың ортасында Карл Дальхаус өңдеген Эрнст Букеннің «Музыкатуудан жаңа нұсқаулығы» шықты. Автор өзінің батыстық емес және еуропалық халық және танымал музыкасына арнаған он екі томының үш томында сипаттамалармен әлем мәдениеттерін тең дәрежеде қаралуына арнап, ақиқатқа біршама жақындады. Бұл басылымда «Джаз, рок және поп-музыкаға» арналған отыз бет бар. Бұл музыка тарихының тұжырымдамасына халық музыкасын қосқан бірінші үлкен жинақ, дегенмен «халық музыкасы» кәсібіден бөлінсе де, оның тарихтағы рөлі мен тарихи қоспалары жеке тарауда қарастырылады. Танымал музыкаға, және одан да маңызды джазға үлкен назар аударылады, оның маңызы пікірталас туғызғандықтан, джаз музыкасының жалпылама сипаттамаларына енуіне жол бермеді. Сондай-ақ, әлемнің ірі аймақтары жайында (Африка, Таяу Шығыс) шолу мақалалар және халық музыкасы жайлы тұжырымдамалар, әлемнің әр елімен таныстыратын мақалалар ұсынылған.

Бұл соңғы басты неміс тіліндегі музыка энциклопедиясы Musik Geschichte und Gegenwart басылымына да қатысты. Соңғы жүз жылда осы жанрдағы әлемдік музыканың маңызы өсті, бірақ, батыс музыкасы мен музыка әлемінің қалған бөліктері арасындағы айырмашылық әлі күнге дейін айқын. Әлем музыка тарихына арналған соңғы «Гарландық әлем музыка энциклопедиясы» жинағы – тарихи тараулардан гөрі, этнографиялық сипатқа ие. Бұған дейінгі жұмыстар тарихты баса көрсетсе де, аздаған этнографияның деректерін, ал Гарландта ерекше тарихи қызығушылық тудыратын бірнеше тараулар да қосады. Мысалы, Еуропа жайындағы томда (және кейбір басқа) батыс классикалық музыкасының тарихына көптеген дәстүрлердің бірі ретінде қарастырылады. Мұның бәрі бірте-бірте әлемдік музыканы риясыз көзқараспен зерттеуге көшкендігінің дәлелі болып табылады. Ричард Тарускиннің (2005 жылғы) алты томдық «Оксфорд музыка тарихының тарихы» сияқты батыс музыкасының тарихи түсіндірмелері тек Еуропамен шектеліп, батыстық емес музыка жайында кіріспе сөзден барынша аулақ жүреді. Жиырмасыншы ғасырдың соңында біз бір тарихты тұтастай музыкалық тұжырымдамадан, алуан түрлі «тарихтарға» қол жеткізілгенін көреміз. Garlanda, New Grove кітабы, Neues Handbuch белгілі бір дәрежеде Дальхаустың басылымы музыкалық әлемдегі айырмашылықтарға екпін түсіре жазылған. Бұл ұлттық және мәдени ерекшеліктерді елемей, әр мәдениеттің өзінің музыкатууы бар екенін, ал музыкатуу әлемі көптеген музыкалогиялық. Әлемнен құралатындығына көз жеткізеді.

Дей тұрғанмен бұл тұжырымдама (мысалы, Регула Курешамен) теориялық негізде талқыланса да, оның қолданылуы аяқталмай қалған жобада аяқсыз қалды. ЮНЕСКО-ның қолдауымен Барри Бруктың жетекшілігімен «Адам өміріндегі музыка» кейіннен «Адамзат тәжірибесіндегі музыка» деп өзгертілген жоба жоспарланды. Ондаған томдардың әрқайсысы өңірлердің тарихын, бүкіл әлемнің ұлттарын қамту керек болатын. Жалпы айырмашылық – Еуропаға тарихи көзқарас, барлық басқа аймақтар үшін этнографиялық сипаттасы – барлығы ортақ әдіске жүгінуі тиіс еді. Бұл сөзсіз, «әлем музыка тарихына» айрықша көзқарас болар еді. Жиырмасыншы ғасырда «Музыка тарихының» көптеген авторлары әлемдік музыканың тұжырымдамасына батыс музыкасының құрамдас тарихы немесе батыс классикалық музыка тарихының алдындағы алғаш кезеңдерден қарастырылуға қарсылық білдірді. Дегенмен, кейбір ғалымдар өз еңбектерінде батыс музыкасын маңызды (я болмаса соншалықты маңызды болмауы да мүмкін) рөл атқарады, музыканың әлемдік тарихи көзқарасқа арнады. Он сегізінші және он тоғызыншы ғасырларда өмір сүрген Иоганн Готфрид Гердер және С.М.Тагор, әдістемелі әр түрлі болса да, сөзсіз осы әдістердің алдын алды. Жиырмасыншы ғасырда көптеген ғалымдар жақында құрылған пәннің немесе этномузыкатуудың (фольклористика) пәнінің мүшелері болды. Бұл Курт Сакс, Алан Ломакс, Мечислав Колински сынды белгілі зерттеуші-мамандар.

Қорытынды. Біз, әлем музыкасы деген ұғым бар екенін мойындаймыз. Бірақ, ол көптеген ұғымдарды біріктіреді – барлық елдердің барлық музыкасы барлық жерде және барлық уақытта; барлық мәдениеттердің негізгі музыкалық туындыларының конгломерациясы; бір-бірімен қандай да бір байланыстағы әлем музыкасы; әлем мәдениеті қабылдаған және солар туралы айтатын музыкалық стильдердің мен жанрлар. Музыка зерттеушілері – музыкаға барынша кең көзқарасты фольклористер әлем музыкасының тарихын ашық түрде жиі тұжырымдайды, бірақ, олардың көзқарастары мен қорытындылары сондай-ақ олардың жеке фольклористикалық әдісі музыкалық-тарихи дүниетанымын ұсынды, және бұл әдіс осы оқулықтың негізінде жатыр.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Руссо Ж.-Ж. (1768) «Dictionnaire de musique», Париж: Chez la veuve Duchesne



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Әлемдік музыка зерттеушілері

2. Sachs C. (1929) «Geist und Werden der Musikinstrumente», Берлин
3. Дж. Бард (1937) «Әлемдік би тарихы», Нью-Йорк
4. В. В. Нортон (1940) «Музыкалық аспаптар тарихы», Нью-Йорк
5. В. В. Нортон (1943) «Көне әлемнің шығыс пен батысында музыканың дәуірлеуі», Нью-Йорк
6. M. Nijhoff (2001) «Музыка мен музыканттар сөздігі New Grove», 2-е басл., Лондон: Macmillan
7. Smith RC (1971) «Ән үшін ретсіздіктен босау: Asmuesha музыканы алдын ала талқылау»
8. Szabolcsi B. (1959) «Bausteine zu einer Geschichte der Melodie», Будапешт
9. Тагор С. М. (1963) «Әр түрлі дереккөздерден құрастырылған Әлем музыка тарихы»
10. Tappert W. (1890) Wandernde Melodien, 2nd edn, Leipzig: (2005)
11. «Оксфордтың батыстық музыка тарихы», 6 томов, Нью-Йорк: Оксфорд университетінің баспасы.
12. Тензер М. (2006) «Музыка әлемінде аналитикалық зерттеулер», Нью-Йорк: Оксфорд университетінің баспасы.
13. Томпсон С. (1953) «Жұлдызды күйеу ертегісі», Септентрионалия Студиясы.
14. Ваксман К. П. (1971) «Музыкадағы әмбебап болашақ»
15. Уоллин Н. Л., Б. Меркер и С. Браун (ред.) (2000) Музыканың бастаулары, Кембридж, Массачусетс: MIT Press
16. Wellesz E. (ed.) (1957) Ancient and Oriental Music, vol. 1: Оксфордтық Жаңа Музыка тарихы, Лондон: Оксфорд университетінің баспасы.